

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
27.10.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 27.10.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Бұл мәселе бойынша да баяндама жасау үшін сөз Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Аманғалиұлы Брекешев мырзаға беріледі.

БРЕКЕШЕВ С.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заң жобасының негізгі ережелерін іске асыру үшін қолданыстағы заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Қылмыстық кодекске. Қылмыстық кодекстің 316-бабы үш бөлікке бөлінген.

Бірінші бөлімде жануардың мертігуіне әкеп соққан қатыгездігі үшін 120 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл және 30 тәулікке дейін қамауға алу көзделген.

Екінші бөлімде жануардың өліміне әкеп соққан қатыгездігі үшін 200 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл және 50 тәулікке дейін қамауға алу көзделген.

Үшінші бөлімде осы баптың бірінші немесе екінші бөлімдерінде көзделген, екі және одан да көп жануарларға қатысты, адамдар тобы, алдын ала сөз байласып жасаған адамдар тобы әрекеттері үшін бірнеше рет, жас баланың қатысуымен, жария түрде немесе осы әрекетті бұқаралық ақпарат құралдарында жария түрде көрсете отырып немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып жасалған әрекеттері үшін 1000 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл, бір жылға дейін бас бостандығынан айыру, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 2 жылға дейін айыру.

«Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың

мәслихаттарының үй жануарларын есепке алу, жансыздандыру тәртібін бекіту жөніндегі құзыреті кеңейтілді.

«Ветеринария туралы» Заңда жергілікті атқарушы органдардың жануарларды жансыздандыру тәртібін айқындау, аулауға және жансыздандыруға жататын жануарлардың тізбесін бекіту жөніндегі құзыреті кеңейтілді.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңда біркелкі ұғымдар белгіленген және бақылау-қадағалау функциялары мәселелері жөніндегі заңнама жетілдірілген. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Адамбеков Тілектес Серікбайұлына беріледі.

АДАМБЕКОВ Т.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Ішкі істер министрлігінің өкіліне арналады.

Заң жобасында жануарларға қатыгездік жасағаны үшін жазаны қатайту ұсынылады. Атап айтқанда, 120 айлық есептік көрсеткіштен 1000 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл немесе 200-ден 400 сағатқа дейін түзету жұмыстары және қоғамдық жұмыстар, сондай-ақ бір жылға дейін бас бостандығын шектеу қарастырылған.

Бұл дұрыс шығар. Өйткені Ішкі істер министрлігінің статистикасына сәйкес жануарларға қатыгездікпен қарау саласындағы бұзушылықтар динамикасы артып келеді.

Мысалы, 2020 жылы Қылмыстық кодекстің 316-бабымен осындай құқық бұзушылықтар бойынша 49 іс қозғалса, ағымдағы жылдың он айында ғана 50 іс қозғалды. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Айтыңызшы, Сіздің ойыңызша, жауапкершілікті қатаңдату, жануарларға қатыгездікпен қарау фактілерінің өсуін тоқтата ала ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Марат Шадетханұлы Қожаев.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сұрақтарыңызға көп рақмет.

Осы заң жобасы талқыланғанда біздің министрлік жазалау туралы ұсыныстардың барлығын жан-жақты зерделеді. Бұл заңның бұрынғы редакциясында осы санкциялар одан да қатаң болатын. Тіпті ол адамға жасалған қылмыстардан да асып кеткен соң біз ұсыныстарымызды енгіздік. Бұл ұсыныстар заң жобасын әзірлеушілермен ескеріліп, енгізіліп отыр. Қылмыс жасаған адамның жазасы жасалған құқық бұзушылықтың сипатына сай болу керек деп ойлаймыз. То есть наказание должно соответствовать этому. Поэтому мы считаем, что такие наказания останоят или заставят задуматься людей, совершающих такие факты.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Колода Дмитрий Владимировичке беріледі.

КОЛОДА Д.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Серик Амангалиевич! Действующим законодательством предусмотрена компетенция маслихатов регионов по утверждению правил содержания и выгула собак и кошек.

Законопроектом дополнительно устанавливается компетенция маслихатов областей по утверждению перечня и правил отлова и умерщвления животных. То есть в каждом регионе будут свои перечни и правила.

В этой связи скажите, пожалуйста, рассматривался ли вопрос Министерством юстиции о разработке типовых правил, регулирующих вышеуказанные вопросы обращения с животными? Спасибо.

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопрос.

В правительственной версии законопроекта данная компетенция была предусмотрена за акиматами, но в процессе обсуждения и рассмотрения законопроекта в рабочей группе мы пришли к выводу, что все-таки типовые правила будут разработаны нашим министерством. Это делается для того, чтобы у всех акиматов были четкие и одинаковые процедуры по отлову и умерщвлению животных, а также по их содержанию и правилам выгула.

Отлов будет производиться только в отношении традиционных домашних животных (кошки и собаки).

Также я хотел бы сказать, что в законопроекте имеется норма, запрещающая умерщвление животного, если оно здорово. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Абдрахманов Сауытбек Абдрахманұлына беріледі.

АБДРАХМАНОВ С.А. Рақмет.

Сұрақ қою оқыстан ойға келді. Сұрағым Бекболат бауырымыздың қойған сұрағының жалғасы және Мәжіліс Төрағасының ұлттық спорт түрлері бойынша нақтылап айтқанына байланысты.

Бір оқиға еске түсіп отыр. 1994 жылы Созақта Сұлтанбек Қожановтың 100 жылдығы аталып өтті. Ол кезде біз Аппаратта жұмыс істейтінбіз, ұйымдастырушылардың қатарында болдық, қатыстық.

Сол тойда аламан жарыс әдеттегі уақыттан ерте басталды. Шыжыған күнде аттар жіберілді. Қатты шаң көтерілді. Сөйтіп, сол бәйгеде алты ат өлді. Біз әкімшіліктен барған адамдар ретінде анық-қанығын зерттеген кезімізде ауыл шалдарының аттар өлсе өлсін, той сонысымен есте қалады деген әңгімесін естідік.

Өкінішке орай, осындай жағдайлар болады. Бұл өмір. Бірақ Бекболат айтқан қауіптің жөні бар. Егер көкпар кезінде жылқының басына қамшы тиіп мертігіп немесе бәйге кезінде ат құлап мертігіп жатса, оның аяғы мынадай қылмыстық жауапкершілікке апарып жатса, біз бірте-бірте «ойбай, көкпары құрысын, сотталып кетерміз» дегенге келеміз. Сондықтан, жаңа Нұрлан Зайроллаұлы айтқандай, ұлттық спорт түрлері дегенді бір абайлап жөнімен келтірсеңіздер. Оның аяғы басқаша болып кетпесін. Үй жануарларына, мысалы, мысық, ит дегендерге зорлық-зомбылық дегеннің жөні бір басқа. Осы мәселе ескерілсе дейміз. Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Түсінікті. Оны қарастырамыз. Егер жануарларға қасақана залал келтіретін болса, онда заң бойынша жауапкершілікке тартылады. Жаңа айтып кеттім, біздің ұлттық спорт түрлері жануарларға залал келтіруді көздемейді. Ол мәселені қарастырамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Серікқали Аманғалиұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз депутат Милютин Александр Александровичке беріледі.

МИЛЮТИН А.А. Спасибо, Нурлан Зайруллаевич.

Данный законопроект разработан в целях приведения законодательства в соответствие с положениями проекта Закона Республики Казахстан «Об ответственном обращении с животными».

Поправки вносятся в четыре законодательных акта и направлены на:
усиление уголовной ответственности за жестокое обращение с животными путем увеличения санкций, а также перевода данного проступка в категорию преступлений небольшой тяжести;

расширение компетенции маслихатов и местных исполнительных органов по регулированию вопросов отлова и умерщвления животных и усиления контрольно-надзорных функций;

ведение профилактического контроля с посещением юридических и физических лиц, использующих животных в культурно-зрелищных целях, на предмет соблюдения требований законодательства в области охраны, воспроизводства и использования животного мира.

Реализация законопроекта позволит обеспечить формирование ответственного, гуманного обращения с животными, установление общих и специальных требований обращения с животными различных категорий, а также создать правовые механизмы защиты животных от жестокого обращения.

По законопроекту проведены презентация, четыре заседания рабочей группы с участием представителей заинтересованных государственных органов и общественных организаций, а также расширенное заседание комитета.

Рассмотрено и обсуждено более 30 поправок.

Все комитеты Мажилиса представили положительные заключения, в которых поддерживают концепцию законопроекта.

Предлагаю одобрить данный законопроект в первом чтении. Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Александр Александрович.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Омарбекова Жанат Әнуарбекқызына беріледі.

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Заң жобасының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасын «Жануарларға жауапкершілікпен қарау

туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасының ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Ветеринария туралы», «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп отыр.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне санкцияларды ұлғайту жолымен жануарларға қатыгездікпен қарағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейтуге бағытталған түзетулер көзделген.

Сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Ветеринария туралы», «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына жануарларды жансыздандыру бойынша, жергілікті өкілді органдардың құзыретін кеңейту бойынша, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу бойынша мәселелерді қамтитын түзетулер енгізіледі.

Осы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Жанат Әнуарбекқызы.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында құрметті әріптестер, бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



Құрметті: Құжаттамамен қамтамасыз ету
Білімнің сектор меңгерушісі
Майя Н. Шайтанбаев.